егемен Қазақстан

Мақала шіркіннің қалай жазылатынын кейде өзің де түсінбей қаласың. Жүрегіңнің бір түкпірінде жүрген тақырыпқа айлар бойы қолың бармай-ақ қоятыны болады. Сол тақырыптың аяқ астынан, бір ғана түрткімен жазылып қалатыны да болады. Жақында «Хабар» арнасы шақырды. «Сонымен, солай дейік» атты бағдарламаның кезекті түсіріліміне. Бұл жолғы тақырыбы – Ақселеу Сейдімбек. Ақаңның қалдырған ізі, Ақаңның берер тағылымы. «Ақселеу ағамен бірге жұмыс істегеніңізді білеміз, студияға келіп, естелік айтып берсеңіз», деп телефон шалған еді хабарды ұйымдастырушы журналистердің бірі. Студияға кірген бетте алдымнан шыққан университет қызметкері Үржамал: «Сіз Ақселеу ага туралы жазбадыңыз ғой. Естелік кітаптың барлық материалдарын Алматыға, баспаға жіберіп қойдық. Сізден мақала күтіп едік», дегені. Осыдан біраз уақыт бұрын Ақаңның қызы, Астанадағы «Қазақстан» концерт залының директоры Перизат қарындасым: «Папам туралы кітап құрастырып жатырмыз. Сіз естелік жазып беретін шығарсыз», деген. Қашанға дейін тапсырғаным жөн деп анықтап сұрамаппын. Газеттің бітпейтін де қоймайтын жұмысымен жағаласып жүргенімізде уақыт өткізіп алғанымды студияда бір-ақ біліп, қысылып қалдым. Бұл мақалада қазақтың көрнекті қаламгері, қайраткері, ғалымы Ақселеу Сейдімбектің соңында қалған бай мұраны талдап, тарқатып жатуға мұрша жоқ екенін айтып алуға тура келеді. Мақсатым Ақаңның өміріндегі өнегелі өрнектердің өзім көрген кейбір өрімдерін әңгімелеп өту ғана.

АҚСЕЛЕУ

Сауытбек АБДРАХМАНОВ.

«Өз басым Әбіштей біртуар тұлғамен бір кезде ғұмыр кешіп, қатар жер басып жүргенімді тағдырдың сыйы деп білемін» - Ақаңның Әбіш Кекілбаев туралы жазған «Біртуар» атты мақаласы осылай аяқталады. Сол айтылғандай, мен де қазақтың Ақселеуіне әрі іні, әрі бауыр болғанымды, бірнеше жыл бойы бірге жұмыс істегенімді, бас-аяғы 35 жылдай қатарласа жүргенімді тағдырдың маған сыйлаған бір тартуы деп білемін. Соған шүкіршілік етемін.

Жаңағы айтқан хабар түсірілетін күні таңертең жұмысқа шығарда Ақселеу Сейдімбектің алты томдығын сөреден алып, үстел үстінде ұзақ ойланып отырып қалғаным. Перизат бірінші томға: «Бұл алты томдықты папам жақсы көретін Сауытбек ағама құрметпен тарту етемін. Перизат Ақселеуқызы. 19.04.11» деп жазған екен. «Папам жақсы көретін» деген сөзі жүрегімді елжіретіп өтті. Ақаң үйінде біздей інілерін айтып отыратын болғаны ғой сонда деп ойлап, қуанып та қалдым. Осыдан дәл отыз бес жыл бұрынғы көріністер көз алдыма көлденең тартыла берді.

1976 жылдың ерте көктемі еді-ау... «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясының әдебиет және өнер бөлімінің тілшісі кезім. Бөлім меңгерушісі Болат Бодаубаев Орталық комитетке жауапты жұмысқа ауысты да, орнына «Орталық Қазақстан» газетінде жауапты хатшылық қызмет атқарып жүрген Ақселеу Сейдімбеков келді. Бұл орын Алматыдағы талай мүйізі қарағайдай ақын-жазушының түнде түсіне кіретіндей қадірлі қызмет болатын. Партияның түкірігі жерге түспей тұрған кез. Орталық комитеттің органы мақтаса да, даттаса да ақи-тақи ақиқатты айтқандай қабылданады. Сондай қызметке облыстық газеттің журналисі шақырылғаны талай адамды таңдандырып тастағаны, тіпті редакция басшылығының бұл шешіміне ақсақалдары да құрметпен қарауға айналды. Бір мақаласын оқытып, қол қойдырып алуға Ғабеңнің - Ғабит Мүсіреповтің үйіне Ақаңа ілесіп барғанымда бұған көзім анық жеткен. Классик қаламгеріміз «Оянған өлкенің» жалғасын - «Жат қолындағы» жазуға кіріскен кезі екен. Содан бірер жыл бұрын «Лениншіл жастағы» танымдық мәні мол мақалаларын оқып, Ақселеуге Қарағанды шахталарының ғасыр басындағы жай-күйі жайында деректер іздетуін сұрап хат жолдапты. Ақаң ол мәселемен әбден егжей-тегжейлі айналысып, көлемі едәуір материалды қолмен көшіріп тұрып Ғабеңе жіберіпті. Ғабең Ақселеудің сол өтінішке соншама жауапкершілікпен қарағанына, шаруаны соншалықты тыңғылықты тындырғанына әрі тәнті болып, әрі таңданып отырды.

Алаштың Ақселеуімен бір бөлімде бес жыл халқының абыройын асқақтату, бәсін биіктету мақсаты тұратын. Мұндайға өзге елдер әлдеқайда тереңірек мән береді. Ана жылы Никита Михалковтың «Сібір шаштаразы» фильмі төңірегінде біраз дау-дамай көтерілгені есте. Солардың біразы Ресей мұндай болған емес, режиссер елді көтермелеп көрсеткен дегенге сайды. Солардың бәрінің аузын суреткер: «Мой фильм не о том, какая была Россия, а о том, какая она должна быть» деген жалғыз сөзбен жапты. Елді ойлайтындардың бәрі есті сөзге тоқтады.

Ақселеудің қазағы - Алаштың ардақ азаматының арман-аңсарынан туған қазақ. Ақселеудің қазағы - дәл солай болған қазақ емес шығар, бірақ дәл солай болуға тиіс қазақ. Ақселеу әспеттеп өткен елдік, ерлік, өрлік, бірлік - біздің бәріміз ұмтылатын ұлы биік.

Сырт кезге сал-серінің салтымен салқам жүргендей көрінетін Ақселеудің қағазға ұқыптылығы да бөлекше еді. Өткен жылы Орталық мұрағатта Ақселеу Сейдімбек өзі көзі тірісінде өткізіп кеткен құжаттардың көрмесі ұйымдастырылды. Ақаң мұрағатқа 3 мыңнан астам құжат тапсырған екен, соның 700-ден астамы жазысқан хаттары. Жиналған жұрттың назарына 250 құжат ұсынылды. Үйіне барсаңыз кітап сөрелерінің үлкен бір бөлігі қаз-қатар тізілген папкалар болатын. Тақырып-тақырыпқа бөліп, үлкен әріптермен таңбалап тастаған. Газеттен қажет мақала көрсе де, кітаптан керек дерек тапса да тап-тұйнақтай етіп соған тігіп не жазып қояды. Мақала не зерттеу еңбек қолға ала қалса, жаңағы папканы ашады да әлгі материалды қалауынша пайдалана береді. Дүниеден өтерінен бір жылдай бұрын үйіне барғанымда кітаптың көптігінен ауызғы бөлме жаққа арнайы сөрелер жасатқанын көрдім. Еденнен төбеге дейін тірелген жаңағы сөрелердің бәрі рутайпаларға арналған папкалармен толтырылған. Қазақ шежіресіне қатысты мың-мың парақ қағазды жылдар бойы ерінбей-жалықпай жинағанының, соның бәрін жүйелеп отырғанының арқасында Ақаң «Қазақтың ауызша тарихы» атты кәдуілгі кітап көлемімен мың беттей болатын ең соңғы, ең бастыеңегін аз уақыттың аясында жазып тастаған.

Ақаңмен әзіліміз де жарасатын. Әзілдеген болып кейбір ойларымызды айтып та қалушы едік. Осы Астанаға Ақмола кезінде алғаш келгенімізде мұндағы Қаллеки театрында Қарағанды облыстық драма театрының гастролі ұйымдастырылғаны есте. Арнайы шақырылған ба, жолы түсіп қалған ба, гастрольдің алғашқы спектакліне Ақаң да келді. Спектакльден кейін театрдың бас режиссері, қазақтың жайсаң жігіті Жақып Омаровтың кабинетінде дастарқан жайылды. Біраз адам жиналдық. Ақаңа бас тартылды. Ақаң сол бастан бас тартып, «Менің төрде отырғаным да жетеді, осы басты Сауытбекке бұрамын», дегені. «Сіз тұрғанда біз қалай бас ұстаймыз» десем болмайды. «Сен осы елге қонақсың», дейді. Расы керек, «осы елге қонақсың» дегені аздап көңіліме келіп қалды. Астанаға келіп жатқан жоқпыз ба? Енді Ақаңды сөзбен қағытудың ретін ойлай бастадым. Тілек айту кезегі келгенде әуелі театрды, спектакльді айтып, Ақаңа ауыстым. Біраз мақтап, «Ақаңнан үйренетін нәрсе көп. Үйренетін нәрсенің бірі - Ақаңның кішіктігі. Ақаң - қазақтың Ақселеуі. Мұны жұрттың бәрі біледі. Бірақ Ақаң бойына біткен кішіктігіне салып, өзін тек Тарақтының Ақселеуі санайды», дедім... Сол жылдарда Ақаң кітаптарын «Тарақты Ақселеу» деп шығарып жүрген болатын. Жұрт тынып қалды. Бәрі Ақаңның не дейтініне қарап отыр. Ағам маған жақын келіп, райлана күліп: «Қатырдың ғой ақыры» деді ақырын ғана.

Қызығы кейін болды. Келесі кітабына «Ақселеу Сейдімбек» деп қол қойды. Телефондап, құттықтап, «Ақа, сыннан қорытынды шығарыпсыз ғой...», десем, «Сенің сөзің түрткі болғаны рас, бірақ өзімнің бүйрегім де осы вариантқа бұрылып жүрген болатын», дейді. Қалай дегенде де әлгіндей қажап сөйлеу арқылы Ақаңа ой салған сияқтымын.

Еркін ойлылығы, азаматтық асаулығы Ақаңның алдынан талай рет тор құрғызды. Сақтанбай жүретін серілігі, секемсіз сөйлейтін ерлігі өзіне сойыл болып тиіп жатқанда да сағы сынбайтын Ақаңның. Әйтсе де, әміршіл жүйенің-әншейіндегі әкіреңдеуі Колбиннің кештің арасында оңаша шақырып алып, осылай да осылай, сондай бір мақала дайындалып жатыр, ол шыққа жағдай шындап қиындайды, ағаңа айт (Шона мен Ерғали бір ауданнан ба, тіпті бір совхоздан ба, әйтеуір жақындығы барын білетінмін), бізге телеграмма салсын, қарсылығын білдірсін, қалғанын көрерміз дедім. Әңгімені құпия ұстауын қадап тапсырдым. Жеделхат жетіп келді. Орталық комитет хатшысының алдынан қайтыпты. Бөлімдегілер опыр-топыр болды да қалды. Ондай мақала бары рас еді деп қағаз жүзінде қалай айтарсың? Шона Смаханұлын шақырып (қазақ тілді газет-журналдардың кураторы ретінде бұл шаруа маған тапсырылды), «Мына әңгімені қайдан шығарып жүрсіз? Жеделхатты неге сүйеніп жаздыңыз? Сіздер туралы ешқандай редакцияда ешқандай мақала жоқ екенін анықтадық» деп «қыспаққа» алып жатырмын. Ол кісі: «Қайдан білейін? Біреу телефонмен айтып еді, кім екенін де сұрап үлгермедім», деп күмілжиді. «Өзіңіз коммуниссіз, өзіңіз соғысқа қатысқан адамсыз, сөйтіп жүріп өсекке сүйеніп ЦК-ға жеделхат жібересіз. Ұят емес пе?» деп тағы қысамын. Шөкең қателігін мойындайды, ендігәрі олай етпеуге уәде береді. Содан Орталық комитет хатшысының атына қызметтік жазба дайындап, ондай мақала жазылмағанын, жалған ақпаратқа сеніп, жеделхат жіберген КПСС мүшесі Ш.Смаханұлы өз қателігін мойындағанын айтып, құжатты бақылаудан алдырттық. Сөйтіп, жеме-жемге келгенде ол мақаланы бастырудан Орталық комитеттің өзі тартынды. Мақала басыла қалғанда, сонда аты аталатын басқаларды қайдам, нақты айыпталатын Ш. Смаханұлы мен А.Сейдімбековтің желтоқсандағы қазақ ұлтшылдығының идеологиялық негізін дайындаушылар ретінде істі болуы әбден-ақ мүмкін еді.

Ақаң аузын ашса Алашты айтатын. Бар есі-дерті тек қазақтың қамы. Ұлтын дәл мұндайлық сүйетін адам қазақта ғана емес, жалпы мына жер бетінде аз да шығар деп ойлаймын. Ақселеуден талантты, Ақселеуден білімді, Ақселеуден шешен, Ақселеуден көсем болуға болар, бірақ Ақселеуден өткен отаншыл болу, елін, жерін, тілін, тарихын, мәдениетін Ақселеуден артық жақсы көру қиын сияқты. «Алаштың Ақселеуі» атты фильмде профессор Намазалы Омашұлының: «Құлдық сананы бойына дарытпай кеткен адамдар аз ғана болса, соның нақ біреуі осы кісі. Халқын, жерін керемет сүйген адам ғана осылай күресіп өтеді. Ал ел тәуелсіздік алғаннан кейін бұл кісі бұрынғысынан да жайнап сала берді. Ақаң керемет ашылды. Нағыз Алаштың азаматы болды. Мен Ақаңды ұлтын сүюдің хрестоматиялық үлгісін жасап кеткен тұлға деп есептеймін», деген пікірі кел-

редакцияның дәлізінде «Алматыдан адам таппағандай мұнысы несі?» деп күңкілдеушілердің кездескені де есімізде. Орталық комитеттің органы болғандықтан қызметкерлердің материалдық жағдайы өзге газеттерге қарағанда шүкіршілік десек те, Алматыда қазақтың пайызы жиырмаға да жетпейтін кезі ғой, «Социалистік Қазақстанның» өзінде де пәтер мәселесі ушығып тұратын, ауық-ауық пәтер кезегін бұзып жіберетіндіктен редакциядағы үйсіз-күйсіздердің де, үйін кеңейтуді күтіп жүргендердің де облыстардан шақырылғандарды онша қалай қоймайтыны белгілі еді.

Алайда, жаңа бөлім меңгерушісі алғашқы күндерден-ақ ұжымға етене сіңісіп, үлкенге де, кішіге де қадірлі болып кетті. Бой десең бойы бар, ой десең ойы бар, сой десең сойы бар, қазақ осындай дегізетіндей бітімі бөлекше азаматқа кім-кім де сүйсіне қарайтын. Ағаны ағадай, ініні інідей сыйлайтын адамгершілігі де, жарқылдаған жайсаң жаны да бірден көрінетін. Журналист ретінде де мұндай қызметке әбден лайықты екенін алғашқы апталардың өзінде танытып үлгерді. Редакцияның жұмыс бабындағы отырыстарында, жиын-жиналыстарда өрелі ойымен бөлектеніп тұрды, бөлімнің жұмысына тың тыныс алып келді, соны серпін қосты. Ең бастысы, Ақаңның келуімен бұрын «Сықиған СҚ» деп аты шыққан тым ресмилеу редакцияның өміріне кәдімгідей өзгеріс енді. Ақселеу «Қорамса таулар қоршаған қала қапырық, қапырық қала жатады самал шақырып» деп Кеңшілік күніренетін Алматыға Сарыарқаның салқын самалын ала келгендей әсер етті. Адамдардың сөйлеу мәнерінде, ойлау жүйесінде әжептәуір еркіндік пайда болды. Ақаңның жұмыс кабинеті Алматыдағы зиялы қауымды магниттей тартып тұратын. Ақын да, жазушы да, композитор да, әнші де, ғалым да, шаруасы болса да, болмаса да, Ақаңа келіп, әңгіме-дүкен құрып кететін. Талай әңгіменің аяғы әуелеген әнге, күмбірлеген күйге ұласып жүре беретін. Бір жолы Жүсекеңнің - Жүсіпбек Елебековтің келгені де бар. Нұрғиса ағамыз, апта демей-ақ қояйық, ай аралатпай соғып, күй тартып кететін. Шәміл мен Жәнібек тіпті жиі келетін. «Сарыарқа» мен «Дәурен-айды» Жәнібектің Ақселеудің бөлмесінде жаттағаны, Несіпбектің сөзіне бәріміз әр жағынан үңілгеніміз көз алдымда. «Сарыарқаның» қайырмасы әу баста «Қасиетті төрім, кер биігім, жезкиігім, шер-күйігім - Сарыарқа!», деп бітетін. Кейін 86-ның зобалаңы тұсында тиісті орган бұл не қылған шер-күйік деп шүйілгенде оны «сөз түйінім» деп өзгертуге тура келді ғой. Бүгін тыңдап отырсаңыз, қазіргі күнге сол «сөз түйіні» дұрыс келіп тұрған сияқты.

Сөйтіп, Ақселеу Сейдімбеков айналасы бірер айдың ішінде Алматы элитасының ортасына балдай батып, судай сіңіп жүре берді. Жасы отыздан жаңа асқан жігітке әдебиетіміздің бойы бірге жұмыс істеген кезеңім өмірімдегі ғажап шақ деп білемін. Ақаң арқылы қазақтың дархан жанын, кең көңілін, ер көңілін, сері көңілін ерекше сезіне алдым. Бес жыл бойы бауырына тартып, кәдімгі бір туған інісіндей еркелетумен өтті. Иә, артық айтып отырғаным жоқ. Ақаңның «Күңгір-күңгір күмбездер» кітабы шыққанда жазған қолтаңбасын өз басым мына өмірдегі бір бақытты бағам деп білемін. «Сауытбек! Егер менде іні болса, ол Сендей болса, соған қанағат етер едім. Құрметпен - С.Ақселеу. 23.XI.81», деп жазған еді қайран ағам. Ақселеудей азаматқа інілікке жарау да қадірін білген адамға бақыт болса керек. Сол кітап дәйім үй кітапханамның төрінде тұрады.

Біз бөлімде үш адам жұмыс істедік. Бөлім меңгерушісі - Ақселеу Сейдімбеков, әдеби қызметкерлері - ақын Кеңшілік Мырзабеков екеуіміз. Ақаңның жұмыстағы кеңдігі, адамға сенуі бір керемет. Қайда жүргенінде, қайда тұрғанында шаруасы шамалы. Тапсырған ісін тындырып отырсаң болды. Бастықтар іздей қалса, «Мен кітапханаға жіберіп едім» деген сияқты сөзін айта салады. Соны біздің Кеңшілік пайдаланудай-ақ пайдаланды. Оның жұмысы жеңілдеу, әңгімелерді, өлеңдерді, сын мақалаларды бума-бумасымен алдын ала дайындап, Ақаңа қол қойдырып алады да, материалдарын редакторатқа тапсырған соң еркіндеу жүре береді, ара-тұра сайран құрып та кетеді. Бүкіл мәдениет, тарих, өнер мәселелерін айтпағанда, ауылдағы мәдени қызмет, кітапханалар жұмысы, көркемөнерпаздар, халық театрлары дегендерге дейінгінің бәрі менде. Олардың тығыз дайындалатындары, аяқ астынан нөмірге салынатындары да аз емес. Содан да жұмыста, негізінен, тапжылмай отырамын. Әр материалға орындаушымен қатар оны оқыған бөлім меңгерушісі міндетті түрде қол қоюы керек. Сондайда біздің Ақаңның таптырмай кететін кездері жиі болады. Қазіргідей қалтафон деген жоқ. Анда баруы мүмкін-ау, мұнда баруы мүмкін-ау деген жерлерге жанұшырып телефон шаласың, кейде тауып аласың, ондайда такси ұстаса да жетеді, көбіне таппай қаласың. Партиялық газетте, ЦК-ның органында бөлім меңгерушісі орнында отырмайды деген сөз сондайдан шығады. Ай сайын партия жиналысы. Оларда коммунистердің еңбек тәртібін сақтауы сөз болмай тұрмайды. Ақыры Ақаң мұның да бір амалын тапты. Материал басылатын қағаздарға аппақ, таза күйінде қолын қойып беретін болды... Сол ақ қағазды машинистка қыздарға материалдың соңғы бетін басарда бере қоясың, Ақаңның қолы материалдың соңының сыртқы бетіне келе қояды... Болды, бітті. Мақаланы бөлім меңгерушісі оқыған, оқып қолын қойған... Сөйтіп жүріп жаттық. Әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі Ақселеу Сейдімбековтің жұмыс орнынан табылмай қала беретіні, соның салдарынан кей мақалалардың редакторға тікелей бара беретіні жөніндегі сын да сап тыйылды. Дегенмен, әшкере болмайтын әрекет бар ма. Бірнеше айдан кейін редактордың орынбасары Сарбас Ақтаев ағам кабинетіне шақырады. «Немене, осы сенің бастығың материалды тіпті түзетпейтін болған ба?» дейді. Дауысында таңданыс та бар, секем алу да жоқ емес сияқты. «Сәке, ол материалдың қалай дайындалуына байланысты ғой. Түзетілмейтіндей етіп дайындаған соң бөлім меңгерушісінің қол тигізбеуі заңдылық қой...», деп уәж айтып жатырмын... Сәкең басын шайқап, күлді де қойды. Сондай қызық күндеріміз көп болушы еді.

Ақселеудің шешендігіне қайран қалатынбыз. Арғы-бергіні айтып, қай-қайдағыны қозғап, қоңыр үнді мақамымен баптап сөйлеп кеп бергенде көмейінің арғы бір түкпірінен сөз маржаны төгілетін де жататын. «Мына Арқада тамалар мен наймандар жапсарлас қой. Сол найманның ішіндегі бағаналының ең бір жуан сіңір байы Сандыбайдың Ердені болған. Бұл баяғы аға сұлтан сайлауында Шоқанның өзін жеңіп кететін Ерден. Біздің жақта «Жерді жаратуын Құдай жаратқан, бірақ таратуын Ерден таратқан» деген сөз бар. Сол Ерденнің батырлықпен де аты шыққан. Өзі ат үстінен алдырмайтын көнтақым болыпты. Оның үстіне атақты найзагер», деп бастап, Ықыластың «Ерден» күйінің шығу аңызын тап бір алдындағы қабырғадан тек өзіне ғана көрінетін мәтінді оқып отырғандай соншалықты жатық тілмен бипаздап баяндай жөнелетін. Көңілінің құсы түскенде әңгімені таңды таңға ұрып айтуға бар еді. 2004 жылы Қойшығара ағам екеуі үйде қонақта болғанда түнгі төртке дейін бір хикаядан кейін бір хикая ағытқан-ды. Ақаңның сол түндегі айтқандарынан бізбен бірге болған қаламгер досым кейін төрт әңгіме жазып шықты.

Ақаңа айтқызсаңыз, шығу аңызы жоқ күй болмайтындай, нақты бір оқиғаға сүйенбесе жай әсерден күй шықпайтындай, елдің өміріндегі бірде-бір оқиға күйде кестеленбей қалмайтындай. Мектеп бітіргеннен кейін ауылда қалып екі жыл қой баққан, кейін талай жыл жастар газетінің тілшісі болып өмірінің дені табиғат аясында өткен, қазақтың даласын алдында жаюлы жатқан кітаптай оқи беретін Ақаңның әрқайсысы бір-бір этнографиялық этюд сияқты ауызша әңгімелері тіпті ғажап. Құрғақ сүт, қызыл ірімшік, тасқорық, уызқағанақ, шашыратқы, сіргежияр, серне, бұлқыншақ, малма, тарамыс, талқы, тулақ деген сияқты халықнамалық ұғымдарға қатысты неше түрлі жайларды сондай әсерлі етіп айтатын. Әсерлі демекші, Ақаңның ауызша әңгімелерінде де, жазбаша дүниелерінде де артық-ауыс айту, бояуды қалыңдатыңқырап жағу болмай тұрмайтын. Оған да түсіністікпен қарау керек. Ақаңның айтқанында да, жазғанында да түптеп келгенде бәрінен бұрын халқының, өзі жанындай жақсы көретін, жолында құрбан болуға дайын

Ең бастысы - Ақселеу Сейдімбек ойы озық, санасы сергек, танымы тәуелсіз тұлға болатын. Кешегі кеңестік кезеңнің өзінде ол көп нәрсеге күмәнмен, тіпті ашық кекесінмен қарайтын. Мақаланы бір күнге кеш ұсынып, тапсырманы созыңқырап алғаныңа қиналыңқырап сөйлесең Ақаң күліп: «Жарайды, азар болса коммунизм бір күнге кеш орнар», деп қоя салатын. Ақаңның ұлт саясатындағы қиғаштықтар, билеуші партияның парықсыздығы, тарихтың бұрмалануы сияқты тақырыптардағы әңгімелерін естігенде әуелгіде айранасыр қалатынбыз, кейіннен айызымыз қанатын болды. Дінінің қаттылығы сондай, өзі партиялық газетте істеп, өзі бөлім басқарып отырып ақыры осы тақырыпқа бір мақала жазбай-ақ кеттіау сабазың. Менің бұл сөзіме сол тұста баспасөзде істеген ағаларымның талайы сеніңкіремей отырғанын сеземін. «Ол кезде ондай болуы мүмкін емес қой, ақыр аяғы бөлім меңгерушілерінің ай сайын міндетті түрде бір бас мақала жазатынын білеміз ғой, ал партиялық газеттің бас мақаласы партияның сөзін сөйлемегенде кімнің сөзін сөйлеуші еді?», дейтінін де шамалаймын. Бірақ, шындық солай. Ал бас мақаланың жайы былай. Жұмысқа орналасқаннан кейінгі алғашқы айларда Ақселеу бас мақалаға байланысты қайта-қайта сыналып жүрді. «Ауыл мәдениетіне партиялық қамқорлық» деген бас мақала жоспарланады. Жазылмайды. «Көркем әдебиепің идеялылығы» деген бас мақала жоспарланады. Жазылмайды. Және олардың жазылмағаны мақала нөмірге баратын күні бірақ анықталады. Аяқ астынан жаңағы тақырып немесе басқа тақырып өзге біреуге тапсырылып, мақала түнге қарай бетке түседі. Кейде газетті бас мақаласыз шығаруға да тура келеді. Ондайда тиісті орыннан ескерту алып та жатады басшылар. Летучқадағы жоспарлау кезінде Совет ағамыз (жауапты хатшының орынбасары С.Шиманбаев): «Ақселеуге алдын-ала айтып қойыңыздаршы, тағы жазбай қалып жүрмесін» деп те шырылдайды. Бас мақала сонда да жазылмайды. Коммунист Сейдімбеков жиналыста тағы сыналады. Ақыры Ақаң әбден запы болды ғой деймін, бір күні мені шақырып алып: «Айналайын, осы бас мақала деген бәледен құтқаршы», дегені. «Құтқарғаны қалай?». «Солай. Сен жазып отыршы». «Ақа-ау, тілшілерге бас мақала бермейді ғой». «Құткаршы деп отырған жоқпын ба? Маған берілген тақырыпты сен жазып отырмайсың ба?». Расын айтқанда, әуелде Ақаң бастықтығын пайдаланып, өзі істейтін жұмысты маған аудара салғандай көрдім. Сыйлас ағаның көңілі үшін тез жазып та бердім. «Сен туғанда мен неге қуанды дейсің?» деп Ақаң қалды. Содан Ақселеу «СҚ-дан» кете-кеткенше (1983 жылы «Білім және еңбек» журналының бас редакторы болып тағайындалғанша) бас мақаласы маған ауысты. Ақаң құлағы тыншығанына риза. Бәрінен бұрын тұсында қанқұйлы қиянатқа ұласқаны қатты соқты. Өткен тарихты боямалап көрсетті, ескішілдікті дәріптеді, ұлтшылдық сарындарға жол берді деген сияқты айыптармен «Білім және еңбек» журналының бас редакторлығынан босатқанымен қоймай, желтоқсан оқиғасына желік бергендердің, «қазақ ұлтшылдығын дайындаушылардың» бірі ретінде қоңырау байланып, қадағалауға

алынды, жүрісі аңдылып, сөзі тыңдалды, ақыр аяғында үстінен іс қозғауға дайындық жасалды. Бұған Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің кезінде баспасөзде жарияланған құжаттарындағы «По делу проходили известные писатели Шона Смаханулы, Акселеу Сейдимбеков...» деген жолдар дәлел. Шона ағамыздың ол тізімде жүретіні Алматыда қазақ мектептерін ашқызуға атсалысып, үйді-үй кезіп жүріп, тұрғындардың қолын жинағандығы екендігі белгілі.

Іс қозғауға дайындық жасалды деп кесіп айтатыным - соған көзім анық жеткендіктен. 1987 жылдың көктемінде бізге (ол кезде Орталық комитеттің насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысымын) бір мақала келіп түсті. Мемлекет қауіпсіздігі комитеті арқылы дайындалған. Тақырыбына дейін қойылған: «Ржавчина» («Тат»). Халықтың кіршіксіз санасына тат түсіруге, халықтар достығына сына қағуға әрекет еткен бір топ жазушыларды әшкерелейтін мақала. Негізгі кейіпкерлері - Шона Смаханұлы мен Ақселеу Сейдімбеков. КГБ тіпті бір редакцияға алдын ала құпия жіберіп, мақаланы қазақшаға аудартып та қойыпты. Тек қол қоятын адам табу ғана қалған. Ол адамның ұлты қазақ болуға тиісті. Бөлімнің «таңдауы» сол тұста «Ленинская смена» газеті редакторының орынбасары қызметіндегі Әділ Ыбыраевқа түсті. Әділ сонда бір азаматтық жасады. Бөлім меңгерушісі орынбасарының кабинетінде мақалаға қол қоюдан бас тартқанымен тоқтамай, сол жерде кәдімгідей шу шығарды. Ол әңгіме біраз адамның құлағына жетті. Мұны аппаратта «утечка» дейді. «Утечка» шыққаннан-ақ мен бір тәуекелге кірістім. «Лениншіл жаста» жұмыс істейтін курстасым Ерғали Сағатовты екі тіріледі. Сол сөз - сөз.

Қызметтен қоңыраумен қуылып, айлар бойы идеология саласында жұмысқа жолатылмай жүрген Ақаң әзер дегенде Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтына еден сыпырушының бос орнына қабылданды... Лаборанттық міндетті атқарды. Қызық болғанда, «Не было бы счастья, да несчастье помогло» деп орыстар айтатындай, тағдырдың сол теперіші Ақаңның өміріне жақсы өзгеріс алып келді. Әуелден-ақ аналитикалық ойлау жүйесіне бейім азаматтың, ширек ғасырдай уақыты журналистиканың қара жұмысына жұмсалған Ақаңның ғылыми мекеменің табалдырығынан аттасымен-ақ тың тынысы ашылып сала берді. Тәуелсіздік тұсында қыран құстай түледі. Азаттық аспанында парлап ұшты. Әуелі қара өлеңнен кандидаттық, кейіннен күй өнерінен докторлық диссертация қорғады. Кітаптан кейін кітап тоғытты. Барлық жағынан жолы ашылды. Мемлекеттік сыйлықты да алды. Профессорлық атақты да алды. Қызметте де өсті. Алдымен Ы.Алтынсарин атындағы Білім проблемалары институтының директоры, кейіннен сол институттың негізінде құрылған Қазақ Білім академиясының президенті болды. Астанаға шақырылып, Президенттік мәдениет орталығында директордың ғылым жөніндегі орынбасары, Еуразия университетінің журналистика кафедрасының меңгерушісі болды.

Ақселеу Сейдімбектің өмірі - адам қызығарлықтай сұлу өмір. Жұмыстан басын алмаған күйі күйіп кететін кісілердің қатарынан емес еді. Бәрін тең ұстайтын. Ойды да ойлайтын, тойды да тойлайтын, картасын да ойнайтын, бильярдын да қоймайтын, жүрудейін жүретін, қысқасы, дәуренді сүрудейін сүретін. Елдікті де, ерлікті де, өрлікті де, серілікті де Ақаңның бір бойынан табатынбыз.

Мұны Алаш жұрты Ақселеусіз қалып, қалың елі қайғыға батқан қаралы жиында Әбіш Кекілбаев жүрегі қан жылап тұрып, жеріне жеткізе айтты. «Қазақта сал қандай болады? Ақселеудей болады. Сері қандай болады? Ақселеудей болады. Би қандай болады? Ақселеудей болады. Батыр қандай болады? Ақселеудей болады. Пір қандай болады? Ақселеудей болады. Қазақтың жақсысы мен жайсаңының бәрі қандай болады? Ақселеудей болады. Қазақтың қатепті қызыл нары қандай болады? Ақселеудей болады. Бәрінің орнына бір ғана Ақселеу жүре алады. Ал Ақселеудің орнына кім жүре алады? Ешкім де емес, тек Ақселеудің өзі жүре алады», деді ғой сонда Әбекең. Бұдан артық айту мүмкін де емес.

Ел Ақселеусіз қалғанмен, жер ақселеусіз қалған жоқ. Ақселеу Сейдімбек сынды тұлғалар қасиетті қазақ жерінің өзінен, даланың қара топырағынан өсіп-өнетін ақселеуді еске салады. «Жер болса - ел болады, ел болса - ер болады» деп Елбасымыз айтқандай, дала барда даналар да бола береді.